бастамаларына (дубилдік заттар, аскорбин қышқылы, флавоноидтар, эфир майлары, минералдық тұздар, пектиндер) тікелей байланысты деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1. Гахниян Р., Асенов И. Лечение животных травами.-Алматы, 1988.
2. Кукенов М.К., Рахимов К.Д. и др. Лекарственные растения Казахстана и их использование.-Алматы, 1996.
3. Шәріпбаев Н.Ш. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану.-Алматы, 1988.
4. Беффа М.Т. Лекарственные растения. Справочник. М.: 2005.-255 с.
5. Бирюков И.В. Влияние экстракта мать и мачехи на изменения показателей у белых мышей.-Материалы VII-межд. научно-практич. конф.-Сборник статей, Барнаул, 2012.
6. Вильданов Р.Х, Вильданова Р.Х. Лекарственные травы респираторной патологии у телят. Ж. Ветеринария -2005-№ 4-с.11-13.
7. Липницкий С.С. Фитотерапия в ветеринарной медицине.-Минск/, Белорусь, 2006-286 с.
8. Мазнев Н.И. Высокоэффективные лекарственные растения .Большая энциклопедия народной медицины. Москва, 2013-605 с.

ӘОЖ 619.615.35

«ДИХЛОРЕТАН» ГЕРБИЦИДІНІҢ СОЗЫЛМАЛЫ УЛАНДЫРЫЛҒАН ТЕҢІЗ ШОШҚАЛАРЫНЫҢ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕТІН ТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕР ЕТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Заманбеков Н.А., Есқоджаев Ө.К., Молдағұлов М.А.,
Оспанқұлов А., Жылыгелдиева Ә.А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

Аннотация

В крови морских свинок, искусственно отравленных сублетальной дозой пестицидом «Дихлорэтан» выявлено значительные изменения гематологических показателей и патоморфологических изменений.

В результате отравлений нарушаются процессы обмена веществ, взаимоотношения импульсов центральной нервной системы, гепатоксическое влияет на печень, снижается ферментативная активность клеток.

Annotation

In shelters of the guinea pigs, artificially poisoned by lethal dose by pesticides "Dihlorethan" is revealed significant change the factors shelters and pathological and morphological change. As a result of poisoning are broken processes metabolism, relations central nervous system pulse, poisoning influences upon liver, falls the ferment an activity hutches.

Кілт сөздер: пестицид, гербицид, динамика, морфология, доза.

Кіріспе

Пестицидтер бүгінгі күннің басты мәселесі болып табылады. Ауыл шаруашылығы өндірісінде әр түрлі химиялық заттар гербицидтер ретінде кеңінен пайдаланылады. Олар белгілі мөлшерде пайдаланылса мал шаруашылығы өнімдерін жоғарылатып, жоғары астық өнімдерін алуға мүмкіншілік береді. Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша гербицидтер улы зат болып есептелінеді, олар жоғары мөлшерлерде қоршаған ортаға және жан-жануарларға

уытты әсерін тигізеді. Жалпы пестицидтер қоршаған ортаны ластаушылар ішінде 1%-ды құрайды, сонымен қатар пестицидтер 18-20 % егістікті сақтап қалуына және мол өнім алуына мүмкіншілік береді. Хлорорганикалық қосылыстардың ішінде дихлорэтанның алатын орны ерекше. Ол астық дақылдарын залалсыздандыру мақсатында кеңінен қолданылады. Оның өсімдік тектес дәнді-дақылды өнімдердегі рұқсат етілетін мөлшері 7 мг/кг-нан, ал ұндардағы рұқсат етілетін мөлшері 5 мг/кг-нан аспауы тиіс [1, 2, 3, 4].

Хлор және оның қосылыстары жануарлар ағзасына көбінесе тыныс алу және ас қорыту жүйелері арқылы енеді. Кілегейлі қабықтармен әрекеттесе отырып күкіртті сутегін түзеді, ал ол өз кезегінде сумен қосылып тұз қышқылын түзеді [5, 6, 7]. Хлор препараттарының қазіргі уақытқа дейін токсикодинамикасы толық зерттелмеген, сондықтан олардың токсикологиялық әсер ету ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты және міндеттері

Зерттеудің негізгі мақсаты «Дихлорэтан» гербицидінің сублетальды дозасымен созылмалы уландырылған жағдайда теңіз шошқаларының ағзасына тигізетін токсикологиялық (уытты) әсерін анықтау болып табылады.

Осыған байланысты мынадай міндеттер қойылды:

1. «Дихлорэтан» пестицидінің сублетальды дозасымен созылмалы уландырылған теңіз шошқалары қанындағы гематологиялық көрсеткіштердің токсикодинамикасын зерттеу;
2. «Дихлорэтан» пестицидінің сублетальды дозасымен созылмалы уландырылған теңіз шошқалары ағзасындағы патоморфологиялық өзгерістерді зерттеу.

Қойылған мақсаттарға сәйкес зерттеу жұмыстары Қазақ ұлттық аграрлық университетнің «Клиникалық ветеринариялық медицина» кафедрасының зертханасында және ветеринария клиникасында жүргізілді. Қанның гематологиялық көрсеткіштері (эритроциттер, лейкоциттер) жалпы қабылданған әдістер бойынша Горяев камерасында, гемоглобин - Сали гемометрінде, ал патоморфологиялық Г.В.Шордың эвисцерация әдісі бойынша кешенді түрде анықталды. Бұл әдіс ағзаларды, олардың арасындағы анатомиялық-физиологиялық жалғамдарды бұзбай зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Созылмалы уландыру жұмыстарын жүргізу үшін бірегей принцип бойынша (жасы, жынысы, тірілей массасы) 10 теңіз шошқасы алынды. Оларға азықтандыру барысында азығына 15 мг/кг мөлшерінде 30 тәулік бойы «Дихлорэтан» пестицидінің сублетальды мөлшерін қосып бердік. Уландыру жұмыстарын жүргізу кезінде зертханалық жануарларды клиникалық байқаудан өткізіп отырдық (жалпы қарау, термометрия, тыныс алуы және тамыр соғуы). Гематологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін теңіз шошқаларының жүрегінен әрбір 10, 20, 30 күннен кейін қан алынып отырылды. 30 тәулік бойы жүргізілген уландыру жұмыстарының нәтижесінде 4 теңіз шошқасы өлімге ұшырады. Өлекселері сойылып патоморфологиялық тексеруден өткізілді.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері дихлорэтан гербицидінің 15 мг/кг мөлшерінде организмге уытты әсер ететіндігі дәлелденді. Айтарлықтай өзгерістер қанда және ағзаларда байқалды. Теңіз шошқаларын созылмалы уландыру барысында қандағы көрсеткіштер дихлорэтан пестицидінің сублетальды дозасының әсерінен айтарлықтай токсикологиялық өзгерістерге ұшырайтындығы айқындалды.

Гемоглобиннің концентрациясы бақылау тобындағы теңіз шошқаларында 138-145 г/л аралығында байқалып отырылды. Ал гемоглобиннің фондық көрсеткіші тәжірибе тобында 153,5 г/л, 10 тәуліктен кейін 147,4 г/л немесе 3,9 %-ға төмендесе, 20 тәуліктен кейін оның концентрациясы 125,1 г/л немесе 18,2 %-ға дейін төмендегені байқалды, интоксикациялаудың 30-шы тәулігінде гемоглобин деңгейі физиологиялық параметрлерден айтарлықтай төмендеуі белгілі болды. Жалпы гемоглобин ағзада оттегін тасымалдау қызметін атқаратындығы белгілі, ал дихлорэтан пестицидінің әсерінен оның мөлшерінің төмендеуі өз кезегінде гипоксемия құбылысын туындатады.

Қанда эритроциттер түзілуінің тежелу құбылысы белгілі болды. Бұл жағдайда гемоглобиннің мөлшері 91 г/л немесе 40,7 % төмендеп кеткен және терең гемодинамикалық өзгерістердің туындауымен сипатталады. Эритроциттердің концентрациясында пайда болған өзгерістер физиологиялық параметрлердің ауытқуын көрсетеді. Эритроциттердің көлемінде де айтарлықтай төмендеу тенденциясы байқалды. Фондық көлемі 3,42 млн/мкл болса, 10 тәуліктен кейін 3,52 млн/мкл немесе 12,3 %-ға төмендейді, 20 тәуліктен кейін 3,17 млн/мкл немесе 36,6 %-ға, ал уланудың 30-шы тәулігінде қандағы эритроциттердің концентрациясы 2,76 млн/мкл немесе 65 %-ға төмендегендігі байқалды ($P \leq 0,05$; $P \leq 0,01$). Бақылау тобында эритроциттердің қандағы көлемі 3,66-3,89 млн/мкл көлемінде байқалып отырылды. Эритроциттердің концентрациясының азаюы дихлорэтан пестицидінің әсерінен қанның қоюлануының жоғарылауына байланысты деп айтуға болады, себебі қанда тромбоциттердің көлемі де өте жоғарылап кетеді. Гемоглобин мен эритроциттердің концентрациясы бір-біріне сәйкес өзгермеуі мүмкін. Осы жағдайда эритроциттердің концентрациясы жоғарылайды, бірақ олардың гемоглобинмен толықтырылуы жеткіліксіз болып отырғанын айтуға болады, сонымен қатар эритроциттердің төмендеуі (олигоцитемия) және гемоглобиннің азаюы (олигохронемия) дихлорэтанның әсерінен организмде қалыптаса бастаған патологиялық күйді көрсетеді. Яғни бұл жағдайда гемолиздік анемия туындап отырғандығы байқалды.

Дихлорэтанмен жасанды уландыру барысында лейкоциттердің концентрациясы көбейеді. Көрсеткіштер тәжірибе тобында $32,5 \pm 0,38$ г/л болса, ал бақылау тобында $25,4 \pm 0,20$ г/л болды. Лейкоциттер деңгейінің көтерілуі лимфоциттер мен моноциттердің белсенділігіне байланысты деп айтуға болады. Лимфоциттердің мөлшері тәжірибе тобында $90,8 \pm 1,4$ г/л болса, ал бақылау тобында $80,1 \pm 0,98$ г/л болды. Моноциттердің саны тәжірибе тобында $4,6 \pm 0,65$ г/л, ал бақылау тобында $4,4 \pm 0,29$ г/л болды. Лейкоциттердің ішінде гранулоциттердің саны төмендейді, ал гранулоциттердің санының азаюы нейтрофилдердің белсенділігіне байланысты деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері бойынша келтірілген мәліметтерді ескере келе гербицидтердің қан құрамында айтарлықтай өзгерістерді тудыратындығын дәлелдейді. Теңіз шошқаларын гербицидтермен уландыру нәтижесінде олардың өлекселері жарып-сойылды. Теңіз шошқаларын жарып-сою барысында келесі патологоанатомиялық өзгерістер анықталды.

Жүргізілген тәжірибе нәтижесінде біз мүшелер мен ұлпаларда удың әсерінен болған өзгерістерді байқадық. Барлық мүшелер қанталаулы, ауыз қуысының кілегейлі қабығы анемиялы, құрғақ, тілі болбыр, жұтқыншақтың кілегей қабығы қызғылт, ылғалды. Асқазан және ішектің кілегейлі қабықтары қызарған, катаральды-геморрагиялық қабыну, кілегейлі қабықтар ісінген, борпылдақ, сыртқы беткейі көпіршікті, созылмалы кілегеймен жабылған. Аш ішектің лимфа түйіндері шамалы ұлғайған, кесіп көргенде қызарған. Ішектің ішінде созылмалы, иісі жағымсыз масса анықталды. Шажырқайдың қан тамырлары кеңейген. Өкпесі біркелкі боялмаған, қара-қызыл түсті. Қарайған өкпе бөліктері суға ауыр батады. Консистенциясы жұмсақ. Бауырдың консистенциясы болбыр, көлемі ұлғайған, түсі қызыл-қоңыр. Ағза шеті дұрыс, түйіршікті некроздық ошақтар байқалды. Өт қабы жасыл түсті, өтке толы. Бүйректері біршама ұлғайған, түсі күрең, миы және шекаралық қабықтар қосылып кеткен. Консистенциясы болбыр. Бүйрек капсуласы жеңіл алынады. Қуық зәрге толы, сарғыш-қызыл түсті. Бүйрек үсті безі қоңыр-сарғыш түсті. Ми және шекаралық қабықтар тегістеліп кеткен. Жүрек қуыстары кеңейген, қан ұйындылары байқалады, миокард болбыр. Қан тамырлары қанға толы. Мида қабыну реакцияларын анықтадық. Ми заты болбыр, біркелкі емес, қатты ми қабығының астында нүктелі қанталауларды анықтадық.

Қорытынды

«Дихлорэтан» пестицидінің сублетальды дозасымен созылмалы уландырылған теңіз шошқалары қанында айтарлықтай гематологиялық және патоморфологиялық өзгерістерді анықтадық. Улану нәтижесінде ағзада зат алмасу үрдістері, орталық жүйке жүйкесі импульстерінің алмасуы бұзылады, қан түзейтін мүшелердің қызметтері зақымдалады, бауырға гепатотоксикалық әсер етеді, ферменттердің белсенділігі жойылады, жасуша бойында зат алмасу үрдістерінің белсенділігі тежеледі.

Әдебиеттер

1. Кордаков И.А. Вниманию пестициды. Алматы. Қайнар. 1988. -190 б.
2. Справочник по применению пестицидов в животноводстве. Под ред. Хван М.В. Алматы. Қайнар, 1983. 78-79 бет.
3. Жуленко В.Н. Рабинович М.И. Ветеринарная токсикология. М., Колос. 2004. 95-96 бет.
4. Буслович С.Ю., Дубенецкая М.М. химические вещества и качество продуктов. М., Ураджай. 1986. 60-64 бет.
5. Баранников В.Д., Кириллов Н.К. Экологическая безопасность сельскохозяйственной продукции. М., Колос. 2005. 55-57 бет.
6. Павлов А.В., Борисенко Н.Ф., Гуменный В.С., Григорьев В.А. К проблеме влияния пестицидов на здоровье // Гигиена и санитария. М., 1991.
7. Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы. 2003.- 3-ші желтоқсан.

ӘОЖ: 636.222.521

КӨКЕМАРАЛ ДӘРІЛІК ӨСІМДІГІНЕН ДАЙЫНДАЛҒАН ТҮНБАНЫҢ ҚОЙЛАРДЫҢ ГУМОРАЛДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫНА ӘСЕРІ

Заманбеков Н.А., Кобдикова Н.К., Корабаев Е.М., Орақбай М.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

Аннотация

Полученные результаты исследований показывают, что использованный настои из лекарственного растения зизифора паучковидной обладает выраженным фармакокорректирующим эффектом. Следует полагать, что выраженный фармакотерапевтический эффект данного лекарственного растения объясняется наличием в их составе биоактивных действующих начал. Максимальное повышение показателей гуморальных факторов неспецифической резистентности в опытной группе зарегистрированы на 21- и 30-ые сутки исследования.

Annotation

The Got results of the studies show that used extract from medicinal plant *Ziziphora clinopodioides* L. possesses the expressed pharmacological effect. Follows to suppose that denominated pharmacological and therapeutic effect given medicinal plant is explained presence in their composition biological active acting began. Maximum increasing of the factors гуморальных factor not specific stability in experienced group are registered on 21- and 30-ye day of the study.

Кілт сөздер: түнба, өсімдік, концентрация, лизоцимдік белсенділік, бактерицидтік белсенділік, комплементарлық белсенділік, динамика.

Кіріспе

Бүгінгі кезде мал басын көбейту, олардың өнімділігі мен өсімталдылығын барынша жоғарылату, сонымен қатар Республика тұрғындарын жоғары сапалы мал өнімдерімен толық қамтамасыз ету ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі кезде ауыл шаруашылық жануарларының резистенттілігін, өнімділігін және өсімталдылығын жоғарылату мақсатында көптеген дәрі-дәрмектер, биологиялық қоспалар,

витаминдік, ферменттік және биологиялық белсенді заттар барынша қолданылуда. Мұндай препараттардың негізгі көздейтін мақсаты-ол физиологиялық қалыптан ауытқыған организмді қалыпты жағдайға келтіру болып табылады [1, 2, 3].

Әртүрлі патологиядағы адам және жануарлар ауруларын емдеу және алдын алу мақсатында қолданылатын барлық фармацевтикалық препараттардың 40-50%-дан астамын шипалық қасиеті бар өсімдік тектес дәрілік заттар алады. Статистикалық деректер бойынша, жуық арадағы 10-15 жыл ішінде барлық өндірістегі дәрілік заттардың жалпы көлемінде әртүрлі фитопрепараттардың үлесі 60-70%-дан астамын құрайды.

Малдәрігерлік практикасында қазіргі кезде тыныстану жүйесі ауруларына, оның ішінде жіті бронхопневмония, жіті бронхит, плеврит және басқа-да ауруларын емдеу үшін қолданатын дәрі-дәрмектердің емдік тиімділігі айтарлықтай төмен екендігі байқалады және көп жағдайда олардың емдік нәтижесі біршама төмен болып, аурудан туындайтын асқынуларды толық жоя алмайтындығы нақты деректермен дәлелденуде [4, 5, 6, 7, 8].

Сондықтан да шипалық қасиеті бар өсімдіктермен емдеу мәселесі бүгінгі таңда өзіндік назар етуді талап етеді, себебі дәрілік өсімдіктерді пайдалану ісі жыл артқан сайын кең қанат жайып келеді. Соңғы жылдары ветеринария саласындағы ғалымдар мен практиктер жануарлардың тыныстану жүйесі ауруларын емдеу мақсатында емдік қасиеті бар өсімдіктерге басты назар аударуда, себебі олардың қоры Республикамыздың әр түрлі аймақтарында жеткілікті және де олардың дайындалу технологиясы күрделі емес, экономикалық тұрғыдан тиімді және экологиялық таза өнім болып саналады.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сүйене отырып және де Қазақстанның мол табиғи байлығын ескере келе, өсімдіктерден дайындалатын дәрілік заттардың шипалық әсері олардың биологиялық белсенділігінің жоғары болуына байланысты ветеринариялық қызметтердің ғылыми фитотерапияға деген қызығушылығын арттыру керек деп тұжырымдауға болады. Дәрілік өсімдіктерді пайдалану олардың құрамындағы биологиялық белсенді заттар – әсер етуші бастамасының ағзаға аз мөлшерде түссе де белгілі бір физиологиялық және терапевттік әсер етуімен негізделген.

Мақаладағы көкемарал дәрілік өсімдігінің құрамында эфир майлары (1,3%), пальмитин қышқылы (3,1%), амин қышқылы (7,4 %), стеарин қышқылы (1,2%), линолин қышқылы (70,5%), сапониндер, кумариндер, флавоноидтар (1,1%) ж.т.б. заттар болады.

Материалдар мен әдістер

Жұмыстың мақсаты: көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбаның қойлардың қан сарысуы құрамындағы гуморалдық көрсеткіштерінің (лизоцимдік, бактерицидтік, комплементарлық белсенділіктер) динамикасына әсерін зерттеу.

Міндеті: көкемарал дәрілік өсімдігінен 1:10 қатынасында дайындалған тұнбаның қойлардың қан сарысуы құрамындағы лизоцимдік, бактерицидтік, комплементарлық белсенділіктердің динамикасына әсерін анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмыстары архар-меринос тұқымына жататын тәжірибе және бақылау топтарына бөлінген 10 бас қой малына жүргізілді. Тұнба қойларға резеңке бөтелкелермен ішкізілді. Зерттелінетін қан тұнбаны қабылдағанға дейін және қабылданғаннан кейінгі 7,14,21,28 – ші тәуліктерінде алынды.

Сынақ топтарындағы қойлардың жасы, салмағы, азықтандырылуы, күтіп-бапталуы және физиологиялық жағдайы бірдей болды. Гуморалдық көрсеткіштерді Плященко С.И., Сидорова В.Т. ұсынған әдістер бойынша анықтадық [9].

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеу жүргізу барысында алынған мәліметтер төмендегі 1-ші кестеде көрсетілген. Алынған мәліметтер тұнбаны бергеннен дейінгі көрсеткіштер (фондық мәлімет) тәжірибе және бақылау топтарында шамамен бірдей деңгейге болатындығын көрсетті. Өзгерістер тұнбаны қабылдағаннан кейінгі мерзімдерде айқын байқала бастады. Тұнбаны ішкізгеннен кейінгі 7, 14, 21, 30-шы тәуліктерде лизоцимдік белсенділіктің концентрациясы (ЛБ) бақылау тобындағы қойлардың көрсеткішімен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылайтындығы байқалады.

Зерттеу мерзімнің 7-ші тәулігінде ЛБ фондық көрсеткішпен салыстырғанда 10,8%-ға, 14-ші тәулікте 14,4%-ға дейін жоғарылайтындығы анықталды. Ал ең жоғарғы көрсеткіш зерттеу мерзімнің 30-шы күні тіркелді (37,1±2,18 немесе 26,1%-ға жоғары). Бақылау тобында ЛБ деңгейі айтарлықтай өзгермейді және шамамен бірқалыпты деңгейде болатындығы анықталды: 30,2 ± 2,21 – 32,2 ± 2,64 аралығында ($P<0,05$).

1-кесте – Көкемарал дәрілік өсімдігінен дайындалған тұнбаның қойлардың қан сарысуы құрамындағы гуморалдық көрсеткіштерінің динамикасына әсері, % ($M\pm m$; $n=10$).

Көрсеткіштер	Топтар	Фондық көрсеткіш	Зерттеу мерзімдері (тәулік есебімен)			
			7	14	21	30
ЛБ	Т	30,5±2,12	33,8±2,34	34,9±2,09	36,7±2,13	37,1±2,18
	Б	30,2±2,21	30,6±2,16	31,2±3,01	31,8±2,90	32,2±2,64
ББ	Т	52,2±3,08	53,9±2,91	55,3±2,68	57,2±2,33	58,6±2,25
	Б	52,1±2,93	52,8±2,56	53,1±2,32	53,9±2,72	54,4±2,39
КБ	Т	22,8±1,86	23,7±1,94	24,5±2,12	26,6±2,03	27,2±1,98
	Б	22,9±2,06	23,3±2,19	23,5±2,22	23,8±2,46	24,1±2,32

Ескерту: ЛБ-лизицизмдік белсенділік; ББ-бактерицидтік белсенділік; КБ-комплементарлық белсенділік; Т-тәжірибе тобы; Б-бақылау тобы

Препаратты қолдан кейін айтарлықтай өзгерістер қан сарысуы құрамындағы бактерицидтік белсенділіктен де айқын байқалады. Зерттеу мерзімнің 7,14,21,30 – шы тәуліктерінде ББ мөлшері фондық көрсеткішпен салыстырғанда тиісінше 3,3; 5,9; 9,6; 12,3%-ға жоғарылайтындығы анықталды. Ал салыстырмалы бақылау тобына көрсеткіштер айтарлықтай өзгерістерге ұшырамады және ББ деңгейі 52,1-1,86 -54,4-2,39 % төңірегінде болды. ББ концентрациясы жоғары аталған мерзімдерде бақылау тобымен салыстырғанда 2,1; 4,1; 6,1; 7,7 және 7,1 %-ға жоғары болды ($P<0,05$).

Комплементарлық белсенділіктің деңгейі де қолданылған өсімдік тұнбасының әсерінен біршама жоғарылайтындығы анықталды. Жоғарыда аталған мерзімдерде оның концентрациясы тұнбаны бергенге дейінгі көрсеткішпен салыстырғанда тиісінше 3,9; 7,5; 16,7; 19,34%-ға дейін жоғарылайтындығы белгілі болды. Ал бақылау тобында КБ айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды. Бақылау тобымен салыстырғанда КБ деңгейі аталған мерзімдерде тиісінше 4,3; 11,8; 12,9 және 15,4 %-ға дейін жоғары болады.

Жалпы айтқанда лизоцимдік белсенділіктің жоғарылауы организм үшін өте тиімді көрсеткіш болып есептелінеді, ЛБ патогенді микроорганизмдерге қарсы бактерицидтік және бактериостатикалық әсер ете алады. Сонымен қатар лизоцим төменгі молекулярлы фермент ретінде гранулоциттер мен макрофагтардың құрамдас бөлігі болып табылады.

Бактерицидтік белсенділіктің жоғарылауы организмге сыртқы ортадан енетін зардапты микроорганизмдер үшін үлкен тосқауыл болып табылады. Сондықтан ББ организмнің иммундық жағдайын анықтау үшін объективті көрсеткіш болып есептелінеді.

Комплементарлық белсенділік – ферменттік жүйенің термоллабильдік функциясын атқарады. КБ – тің жоғарылауы өз кезегінде сенсбилизацияланған бактерияларға қарсы өте қарқынды қызмет атқара алады. КБ-тің жоғарылауы сондай-ақ организмдегі В-лимфоциттер мен макрофагтардың белсенділігін арттырады деп айтуға болады.

Қорытынды

Зерттеу жүргізу барысында алынған мәліметтер көкемарал дәрілік өсімдігінен 1:10 қатынасында дайындалған тұнбаның организмнің гуморалдық көрсеткіштерін (лизоцимдік, бактерицидтік, комплементарлық белсенділіктер) айтарлықтай қуаттандырып әсер ететіндігі анықталды. Ал олар өз кезегінде қойлардың иммундық жағдайын жоғарылатып, іштегі төлдің дұрыс жағдайда қалыптасуына және алынатын төлдің сандық және сапалық көрсеткіштеріне тиімді жағдай жасайды деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер

1. Шарипбаев Н.Ш. Пайдалы өсімдіктерді мал дәрігерлігінде қолдану.-Алматы, издательство «Қайнар» 1988,-149 с.
2. Ұлан Қожақан. Жануарлардың бронхопневмониясында шегіргүлден дайындалған препараттың әсері: дисс. к.в.н.,Алматы, 2010.-111с.
3. Кукунов М.К., Рахимов К.Д. Лекарственные растения Казахстана и их использование. –Алматы,1996-149 с
4. Вильданов Р.Х, Вильданова Р.Х. Лекарственные травы респираторной патологии у телят. Ж. Ветеринария -2005-№ 4-с.11-13.
5. Мазнев Н.И. Высокоэффективные лекарственные растения .Большая энциклопедия народной медицины. Москв.- 2013-605 с
6. Гахниян Р., Аксенов И. Лечение животных травами. Алматы, 1988.-174 с.
7. Калиев С. Емдік рецептер энциклопедиясы. Алматы, 2010.-494 б.
8. Липницкий С.С. Фитотерапия в ветеринарной медицине.-Минск, 2006.
9. Плященко С.И., Сидорова В.Т. Естественная резистентность организма животных. – Л.: Колос,1979.-с.3-18.

УДК 636.3.082.454 (574.51)

ҚАЗАҚТЫҢ БИАЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМЫНЫҢ ҚОЗЫ ЕТІ САПАСЫ

Искаков К., Амирбекова А.И., Султанова А.К.,
Шаугимбаева Н.Н, Құлатаев Б.Т.

Казахский национальный аграрный университет

Аннотация

По результатам исследований показало, по росту и развитию полученные потомство от помесей импортных баранов производителей превосходят своих сверстников, которые имеются в данном хозяйстве.

Ягнята опытных групп на 4,4 - 11,0% превосходят своих сверстников по основным показателями массы туши.

Следовательно, для повышение экономической эффективности тонкорунных пород, необходимо шире использовать импортных баранов производителей.

Annotation

According to the research showed, growth and development of the offspring obtained from crosses between imported sheep producers outperform their peers who are in this sector. Lambs experimental groups by 4.4 - 11.0% superior to their peers on key indicators of carcass weight.

Therefore, to increase the economic efficiency of fine-wool breeds, need to make greater use of imported sheep producers.

Кілт сөздер: биязы жүнді қой, ұша салмағы, қозы еті, азыктандыру, өсіп – дамуы, экономикалық тиімділігі.

Кіріспе

Қазақстан Республикасында ет өндіру ауыл шаруашылығының дағдылы, басымдылығы зор, бірден бір негізгі бағыты болып есептелінеді.

Нарықтық экономика жағдайында, өндірістің экономикалық тиімділігі өнімнің бәсекелестігі, ең алдыңғы меже болып тұрғанда ғылыми дәйектелген жаңаалдыңғы дәрежелі технологияны жасау, ендіру, сала ісін жүргізуде қой етін және жүн өндіру үшін, қойдың толық биологиялық мүмкіндігін пайдалану кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан сапалы қозы және жас қой етін өндіру кезінде, олардың жас ағзасының өсу қуаттылығын толық пайда - лануға негізделген, жайып семірту және бордақылаудың қарқындылығын арттырудың маңызы зор.

Азықтандырудың қолайлы жағдайын жасау және өсіру кезіндегі күтімі, жайып семіртумен, бордақылауға жұмсалатын азықты, жұмыс күшін, неғұрлым үнемдеуді қамтамасыз етеді және өндірістің тиімділігін жоғарылатады. Қазақстан Республикасында оның кең байтақ жері мен табиғи климаттылық жағдайының алуан түрлілігі, экономикалық және басқа себептерге байланысты қарқынды технология жергілікті жағдайлары мен қорларды терең білуге құрылғаны жөн.

Осының салдарынан сатылуға 20-25% жуық қойларарық, болмаса қондылығы орташадан төмен жағдайда түседі, сондықтан шаруашылықтар түрлері тиісті экономикалық нәтижелералаалмайды. Қойларды жайып семіртуге арналған технологиялар бордақылаудан тиімді. Қой еті өндірісін жоғарылатудың бұл арзан әдісінің технологиялық тәсілдері толық жасалмаған және қойларды етке дайындаудың бұл әдісі, төменгі салмақтағы қойларды кейінгі қосымша бордақылаумен байланыстырылмаған. Осы жағдайда қойларды етке дайындау әдістерінің қарқындылығын жетілдіру, жоғары сапалы қозы еті мен қой етін өндіру жұмыстарында өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеулердің негізгі мақсаты жаңадан шығарылып жатқан оңтүстік қазақ меринос қой тұқымының тоқал сүлесі қозыларының ет өнімділігі көрсеткіштерін зерттеу.

Бұл мақсатты орындау үшін төмендегі міндеттер анықталады:

- қозылардың туылған, 4,5; 7 айлық мерзімдеріндегі өсіп – дамуы,
- қозылардың 4,5 айлық мерзімінде бақылау сойыс өткізу: ұша салмағы, ұша шығымы, сойыс салмағы, сойыс шығымы, ет пен сүйек шығымы. (4,5 айлық еркек қозылар);

Қазіргі уақытта қой шаруашылығы саласында кішігірім шаруа қожалықтары мен фермерлердің техникалық-материалдық жағдайлардың төменгі деңгейде болуы, алынатын өнімдердің және сатып алу бағаларының төмен және өзіндік құнның жоғары болуына байланысты бұл сала жоғары деңгейде дами алмай отыр. Алайда әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен әлемде болып жатқан күрделі экономикалық дағдарыстар мен өзгерістерге байланысты агроөнеркәсіп кешенін дамыту және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ қаржылық дағдарысқа қарсы мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, олардың ойдағыдай іскеасуына алғышарттар жасалып жатыр[1].

Қой шаруашылығын дамыту және еңбекті ұйымдастырудың жаңа түрлері-шаруа (фермерлік) қожалықтар, акционерлік ұйымдар және үй іргесіндегі шаруалар еңбек өнімділігін арттыруға, олардың тұрмыс жағдайларын айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етеді. Кешегі кеңес дәуірінде еліміздегі қой тұқымдарынан 107 000 тоннаға дейін жүн өндіріліп және өңделіп, негізінен жіп, мата, тоқыма, киіз, байпақ бұйымдарын дайындауға таптырмайтын шикізат ретінде пайдаланатын. Нарықтық экономиканың өтпелі кезеңдерінде байланысты өндірілетін жүн үлесі 23,6 мың тоннаға дейін кеміп кетті. Сонымен қатар жеңіл және тоқыма өндіріс кәсіпорындарының тоқтауына байланысты, ішкірыноктағы жүнге сұраныс 4-5 есеге дейін төмендеді. Қазақстан қой шаруашылығы халық шаруашылығының әлімсақтан келе жатқан дәстүрлі саласы. Бүгінгі күнге және болашаққа қой шаруашылығының ең басты мақсаты болып мал шаруашылығының өнімдерінің көлемі мен сапасын жақсарту, соның ішінде қой еті мен жүнінің сапасын жоғарылату болып табылады [1].

Қой шаруашылығын нарық заманына экономикалық жағынан тиімді етіп өсірудің кілті ғылыми мен озат тәжірибенің берік бірлігінде. Соңғы жылдарда дүние жүзінде ауыл шаруашылық ғылымдарының қатарына қой жөніндегі ғылым сан алуан жаңалықтармен,

жаңа технологиялармен селекция әдістерімен байытылды. Бұл кітаптаалға қойылған мақсат тіуелсіз мемлекетіміздің қой өсірушілерін, мал шаруашылығына маман дайындайтын оқу орындары мен факультеттерінің студенттерін, ғылыми қышмет керлерін, жалпы мал сүйер қазақ баласын қой шаруашылығы саласындағы ғылым мен тәрбие жетістіктерімен егжей – тегжейлі таныстыру, сонымен бірге ғасырлар бойы жинақталған қазақ халқының қой өсірудегі тәжірибесін жеткізу[2]. Қойдың халық шаруашылығындағы маңызы. Дүние жүзі халық шаруашылығында қой малының маңызы өте зор. Ол адамға аса қажетті көптеген азық - түліктератап айтқандает, май, сүт, жүн, былғарылық, тондық терілер мен еотірі сияқты өнеркәсіптік затарды береді. Қой сойғанда қалдық ретінде жиналатын ішек, мүйіз, сүйек сияқты заттар да өндеген соң өз орнын табатын байлықтар. Олардан желім, түйме, малға берілетін қан - сүйек ұны, минералдық азықтар және дәрі құрамына кіретін заттар жасалады. Қойдың қи– тезегіне дейін береке; өзіне қыста - төсеніш, жыртынды жер мен жайылымда тыңайтқыш, машы - шопан, барлық ауыл адамдары үшін қысқы - жазғы отын. [2;3;4]

Қой малы адамға осындай аса қажетті көп түрлі өнім өндіретіндігі мен қандай да табиғат құбылысына және биологиялық қасиетіне байланысты дүние жүзінің барлық континеттерінде жәнеелдерінде өсіріледі. Қазіргі кезде де қой малы ғаламшарымыздаөң көп тараған, көп өсірілетін үй малдарының қатарына жатады.

Дүние жүзінің елдерінде үшінші мың жылдықтың басында 620 - дан астам қой тұқымдары, 1300 млн. қой малы өсіріледі. Мысалы сапалы, өнімділігі жоғары қой шаруашылығы Австралияда (169млн.), Жаңа Зеландияда (62млн.), ұлыбританияда (30млн.) қалыптасқан, дегенмен соңғы он бес жылдың басынан ең алдыңғы қатарға Қытай (200млн.), Үндістан (165млн.), Аргентина, Оңтүстік АфрикаРеспубликасы, Түркия (50млн.) шығып келеді. Қойдың еттілігінің еркшеліктері Оның сояр алдындағы тірілей салмағы, қондылығы, сойыс салмағы және сойыс шығымы. Қойдың сояралдындағы тірілей салмағын қойды 24 сағат аш ұстағаннан кейін таразымен өлшеу арқылы анықтайды. Малды аш ұстаған кезде оның тірі салмағы 3 тен 5%- дейін кемиді. Қойдың тірі кезінде қондылығы органолептикалық баға бойынша анықталғандықтан, едәуір дәрежеде анықтаушының білгірлігіне, тәжірибесіне байланысты болады, кейбір кезде тәжірибесіз маманның қателесіп кетуі де мүмкін. Бұл жағдайларда қойдың қондылығы оның сойғаннан кейін ұшасының сапасына баға беру арқылы анықталады. Қойдың салмағы мен сойыс шығымы қойдың қондылығына тікелей байланысты.

Қозылардың еттілік қасиеттерін анықтау бақылау және тәжірибелік топтан әр топтан 5бастан бақылау сойыс өткізіледі 4,5 – 7 айлық мерзімдерінде олардың нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте1. Бақылау сойыс нәтижелер

4,5-ай еркек тоқты- лардың көрсеткіштері	Тәжірибе		Бақылау	
	n - 5		n -5	
	M±m	Cv%	M±m	Cv%
1	2	3	4	5
Тірі салмақ, кг	28,3±0,7	5,2	27,4±0,8	5,9
Ұша салмағы, кг	14,6±0,7	10,1	13,7±0,8	11,9
Іш май салмағы,кг	0,27±0,01	12,2	0,24±0,01	12,8
Сойыс салмағы, кг	14,87±0,7	10,1	13,94±0,8	11,9
Сойыс шығымы, %	52,38±1,3	5,1	50,74±1,3	6,1

Тәжірибе топпен бақылау топтың арасындағы тірі салмақтардың айырмашылығы 3,2 % болды, ал ұша салмағының айырмашылығы тәжірибелік топтан бақылаудан 11% артық болды.

Сонымен қатар сою барысында тәжірибе топтағы қан салмағы 4,3% артық болды.

Бақылау сойысы барысында өнімділігімен қоса шикізаттарда алынады - олар тері, қан, ішек қарын, аталған шикізаттар қайта өңдеу өнеркәсібінде кеңінен пайдаланылады. Тәжірибе топтағы 4,5-айлық мезгіліндегі тоқтылардың аталмаш заттардың бақылау тобынан 2,6–15,7%-ға дейін артық болды.

Сонымен қатар тәжірибе тобындағы көрсеткіштердің ауытқу коэффициенті 3,9 - 9,7%, ал бақылау тобында ауытқу коэффициенті 1,8–12,9 %- ға дейін болды, сондықтан бұл көрсеткіштердің барлығы тәжірибе топтағы қозылардың өсіп - дамуы және өнімділік көрсеткіштері жоғары болғанын дәлелдейді.

Кесте 2. Бақылау сойыс нәтижелері

7-ай еркек тоқтылардың көрсеткіштері	Тәжірибе		Бақылау	
	n =5		n =5	
	M±m	Cv%	M±m	Cv%
1	2	3	4	5
Тірі салмақ, кг	36,84±0,54	2,91	36,06±1,00	5,52
Ұша салмағы, кг	18,4±0,27	2,90	17,6±0,45	5,09
Іш май салмағы, кг	0,54±0,02	5,59	0,51±0,01	5,67
Сойыс салмағы, кг	18,93±0,27	2,90	18,09±0,46	5,05
Сойыс шығымы, %	51,38±0,21	0,83	50,16±0,44	1,75

7 – айлықта бақылау сою нәтижелері тәжірибе топтың тірі салмағының артықшылығын 1,1% ұша салмағының 4,4% ал қан салмағының артықшылығын 4,0 % артық болғандығын дәлелдейді.

Бұл көрсеткіштер бақылау тобындағы қозылардың өсіп - дамуының артықшылығын және де қан салмағының артық болуын дәлелдей тұрып, бұл топтағы малдардың салмақтарын арттыруға әлде де жоғарылатуына толық мүмкіндік барекенін білдіреді.

Біздің зерттеулердің нәтижесінде тоқал қошқарлардың ұрпақтары өсіп - дамуы мүйізді қошқарлардың ұрпақтарына қарағанда әлде қайда артықшылығын білдіреді. Негізгі көрсеткіші ұша салмағы бойынша тәжірибе топтағы қозылардың бұл көрсеткіші 4,4 – 11,0% - ға дейін жоғары болғандығын дәлелдейді. Сондықтан биязы жүнді қой шаруашылығының экономикалық тиімділігін арттыру үшін өнім өндіру мезгілінде тоқал қошқарларды кеңінен пайдалану қажет деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире. Стратегия «Казахстан -2030» на новом этапе Развития Казахстана. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 28 февраля 2007 года. С. 30-31. С. -66.
2. Медеубеков К.У., Бейсембай Г.С. Аспекты кластерного производства, стандартизации и сертификации мясной, молочной и местной продукции овец в условиях рыночной конкуренции. Материалы международной научно-производственной конференции. г. Алматы. 30 июня-1июля 2005г. с. 156-159, с. 330 Книга-2.
3. Мизанбекова С.К. Формирование системы казахстанского кластера в агромышленном секторе РК. Материалы международной научно-производственной конференции. г. Алматы, 30 июня-1июля 2005г. с. 163-166, с. 330 Книга-2.
4. Сәбденов Қ.С., Бексейітов Т.К., Абдуллаев М., Исламов Е.И., Құлатаев Б.Т. Қой шаруашылығы Павлодар – 2010.

ГЕМАТОЛОГИЧЕСКИХ ПОКАЗАТЕЛИ КРОВИ РАЗНЫХ ГРУПП ТОНКОРУННЫХ ПОРОД ОВЕЦ И ИХ ПОМЕСЕЙ В УСЛОВИЯХ П/Х «Р-КУРТЫ» ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Искаков К., Косалиева Г., Шаугимбаева Н.Н., Кулатаев Б.,

Казахский Национальный аграрный университет

Аннотация

Табиғи қарсылық басқа көрсеткіштерін анықтау бірге қан морфологиялық құрамын зерттеу, дәлірек қолайсыз экологиялық факторларға организмнің қарсылық дәрежесін анықтауға болады.

Annotation

The study of the morphological composition of the blood, along with the determination of other indicators of natural resistance can more accurately determine the extent of the body's resistance to adverse environmental factors.

Ключевые слова: морфологические показатели крови, помесные животные, период роста, воспроизводительной функции животных.

Введение

В настоящее время во всем мире уделяется большое внимание направленной регуляции воспроизводительной функции животных, которая имеет большое теоретическое и практическое значение и представляет собой одну из важнейших проблем.

С целью стимуляции воспроизводительной функции животных предложен целый ряд препаратов. Перспективным в этом направлении является использование иммунных цитотоксических сывороток, позволяющих направленно влиять на жизнедеятельность органов и тканей.

К препаратам подобного ряда относится овариоцитотоксическая сыворотка (ОЦС), которая в последние годы прошла широкую апробацию в ветеринарной практике и дала при этом положительные. Однако механизм общестимулирующего действия ОЦС на динамику отдельных биохимических показателей овец изучен недостаточно. Поэтому нами было изучено влияние ОЦС на некоторые показатели неспецифической резистентности организма овец. Из гуморальных показателей иммунитета нами было изучено лизоцимная, бактериоцидная и комплементарная активности сыворотки крови овец. ОЦС вводили 2 раза с интервалом в 3 дня, подкожно в дозе 0,3 и 0,6 мл за две недели до начала компании искусственного осеменения. Животные были разделены на 2 группы: опытную и контрольную. Контрольной группе ОЦС не вводили.

Материалы и методы исследований

Исследования проводились в условиях п/х «Р-курты» Жамбылского района Алматинской области. Под опытом находились 60 голов овец тонкорунных пород и их помеси: ост-фриз(От х Кт); австралийский меринос (Авс х Авс); рамбулье (Рм х Кт); полипэй (Пп х Кт); суффолк (Сф х КТ); авасси (Аи х КТ), собственно этому животные были подразделены на 6 групп. Животные подбирались по принципу аналогов (живая масса, продуктивность, идентичное кормление и содержание). Подсчет форменных элементов крови (эритроциты, лейкоциты) проводили в камере Горяева по общепринятой методике, количество гемоглобина - на гемометре Сали.

Результаты исследований

Результаты проведенных исследований по изучению гематологических показателей разных групп и их помесей представлены в таблице 1. Полученные данные свидетельствуют, что уровень гематологических показателей у австралийски мериносов в помеси (2-ая группа) в сравнительном аспекте с другими породами были значительно высокими (эритроциты $7,64 \pm 0,18 \times 10^{12}/л$; лейкоциты – $8,92 \pm 0,32 \times 10^9/л$; гемоглобин - $8,83 \pm 2,54$ г/л). Уровень исследуемых показателей также были более высокими у овец 1-ой и 6-ой групп. Более низкие показатели были выявлены у животных 4-ой, 5-ой и 3-й групп, ост-фриз (От х Кт); австралийский меринос (Авс х Кт); рамбулье (Рм х Кт); полипэй (Пп х Кт); суффольк (Сф х КТ); авасси (Аи х КТ).

Таблица 1. Морфологические показатели крови овец тонкорунных пород и их помесей в условиях Юго-Востока Казахстана ($M \pm m$; $h = 60$)

Группы	Типы пород	Помеси	Показатели		
			эритроциты $10^{12}/л$	лейкоциты $\times 10^9/л$	гемоглобин
1	Австралийский меринос	Авс х Кт	$7,32 \pm 0,22^x$	$8,61 \pm 0,26^x$	$84,2 \pm 2,62^x$
2	Ост-фризская	От х Кт	$7,64 \pm 0,18^{xx}$	$8,92 \pm 0,32^{xxx}$	$88,3 \pm 2,54^{xxx}$
3	Рамбулье	Рм х Кт	$7,26 \pm 0,20^x$	$8,44 \pm 0,24^x$	$86,2 \pm 2,71^{xx}$
4	Полипэй	Пп х Кт	$7,14 \pm 0,18^{xx}$	$8,22 \pm 0,20^x$	$83,5 \pm 2,66$
5	Суффольк	Сф х КТ	$7,18 \pm 0,21^{xx}$	$8,34 \pm 0,23$	$83,1 \pm 2,15^x$
6	Авасси	Аи х КТ	$7,56 \pm 0,24^x$	$8,76 \pm 0,20^{xx}$	$87,4 \pm 2,36^{xx}$

Примечание: $x P < 0,01$

$xx P < 0,05$

$xxx P < 0,001$

Относительно сравниваемых групп

КТ - Казахская тонкорунная

Сравнительный анализ показал, что количество эритроцитов у 2-ой группы овец на 7 % превосходит показателя 4-ой группы, на 6,4 % - показателя 5-ой группы, а в отношении 1-ой, 3-й и 6-ой групп, соответственно на 4,4; 5,2 и 1,1 % ($P < 0,01$; $P < 0,05$). Отсюда видно, что уровень эритроцитов были довольно высокой у 6-ой группы овец.

Аналогичная тенденция наблюдается со стороны количественного состава лейкоцитов. Более высокие показатели зарегистрированы у овец 2-ой и 6-ой групп, где показатели составили соответственно $8,92 \pm 0,32$ и $8,76 \pm 0,20 \times 10^9/л$. Количество лейкоцитов у овец 2-ой группы превосходили сверстников 4-ой группы на 8,5 %; 5-ой группы-на 7 %. 3-й группы-на 5,7 %, 1-ой группы – на 3,6 % и незначительно 6-ой группы на 1,8 % ($P < 0,05$; $P < 0,001$).

При определении количественного значения гемоглобина нами также были выявлены вышеизложенные факты, т.е. более высокие показатели были зарегистрированы у овец 2-ой и 6-ой групп, соответственно $88,3 \pm 2,54$ и $87,4 \pm 2,36$ г/л ($P < 0,05$). Количество гемоглобина в сравнительном аспекте было более низким у овец 5-ой, 4-ой и 1-ой групп (соответственно $83,1 \pm 2,15$; $83,5 \pm 2,66$; $84,2 \pm 2,62$ г/л). Сравнительный анализ по изучению количественного значения между группами показал нижеследующие данные: количество гемоглобина у овец 2-ой группы соответственно на 6,3 % превосходило данных овец 5-ой группы, на 5,7 % - овец 4-ой группы, на 4,8 % овец 1-ой группы и на 2,8 % - овец 3-й группы. Влияние овариоцитотоксической сыворотки (оцс) на некоторые показатели гуморальной защиты организма овец.

Кровь для биохимических исследований брали 4 раза: до введения препарата и после двухкратного введения ОЦС через 10,20,30, дней.

Полученные данные приведены в таблице № 2.

Таблица 2. Влияние ОЦС на показатели неспецифической резистентности организма овец ($M \pm m$, $n=30$)

Показатели	Ед. Изм.	Группа Жив-х	Периоды исследований			
			До введения ОЦС	Через 10, 20, 30, дней после введения ОЦС		
Лизоцимная Активность	Мкг/мл	О	15,4±1,2	21,34±2,0	22,4±2,11	17,4±1,88
		К	15,3±1,31	15,47±1,42	15,4±1,5	15,48±1,5
Комплементарная активность	%	О	17,8±1,94	23,2±2,34	22,3±62,18	19,15±1,9
		К	17,5±1,88	18,12±2,04	18,04±1,93	17,98±1,5
Бактериоцидная активность	%	О	46,8±2,26	55,9±2,59	52,0±2,21	48,2±2,09
		К	47,1±2,31	47,7±2,35	47,3±2,12	47,0±2,03

Примечание: О-опытная группа. К-контрольная группа

Из данных таблицы 2 видно, что до введения ОЦС показатели как в опытной, так и контрольных группах находились приблизительно на одинаковом уровне. Изменения наблюдаются спустя 10,20,30 дней после обработки животных ОЦС. Так, если максимальная величина лизоцимной активности приходится к 20-му дню после введения ОЦС, то наибольшие увеличения комплементарной и бактерицидной активности наблюдались через 10 дней после введения. Показатели выглядят следующим образом: концентрация лизоцимной активности через 10 дней после введения ОЦС увеличивается по сравнению с исходным данным на 13,8%; через 20 дней – на 14,5%; через 30 дней количество уменьшается и приближается к исходному уровню. А в контрольной группе животных особых изменений не наблюдается. Концентрация комплементарной активности на 10-ый день увеличивается на 12,9%; на 20-ый день – 12,5%, а на 30-ый день – 10,7% ($P^{0,01}$). Аналогичные изменения наблюдаются также в отношении бактерицидной активности: через 10 дней уровень БА повышается на 19,4%, на 20 и 30-ые сутки, соответственно на 11,1 и 10,3 %.

Выводы

Выше изложенное позволяет заключить, что более высокие гематологические показатели зарегистрированы у овец 2-ой и 6-ой группы. Таким образом следует отметить, что невосприимчивость организма к воздействию неблагоприятных факторов внешней среды во многом обеспечивается защитными функциями клеток крови. От них во многом зависит формирование клеточных факторов резистентности. Из этого следует, что изучение морфологического состава крови наряду с определением других показателей естественной резистентности позволяет более точно определить степень устойчивости организма к воздействию неблагоприятных факторов внешней среды.

Анализируя полученный материал следует отметить, что наблюдается своеобразная тенденция. Например, если максимальное увеличение концентрации БА отмечается на 10-ые сутки (19,4%) то величина ЛА на 20-й день исследования (14,5%).

К концу исследования уровень всех показателей несколько снижается и приближается к исходному уровню; но тем не менее по сравнению с контрольной группы овец величина показателей остается довольно высокой.

Исходя из выше изложенного следует, что ОЦС оказывает благоприятное стимулирующее действие на отдельные показатели /ЛА,КА,БА/ гуморальной защиты организма овец,

поэтому испытуемый препарат рекомендуем использовать для повышения неспецифической резистентности организма овец.

Литература

1. Фандеев Б.В., Буренина Е.П. Изменения морфологических показателей крови у помесных животных в период роста // Изв.Тимирязевской с.-х. акад., 1962.-№ 5.-с. 135-140.
2. Матусевич В.М. Значение естественной резистентности в животноводстве. – Целиноград.-1970.- с. 4-30.
3. Башмаков Г.А. Факторы естественной резистентности организма и методы ее изучения // Военно-мед.журнал, 1982.-№ 6.-с. 38-40.
4. Петров Р.В. Иммунология.-М.: «Медицина», 1987. – 264 с.
5. Жеребцов С.Г. Неспецифические факторы, защиты организма овец цигейской породы в норме и при экспериментальной плеввропневмонии: Дис. к.в.н.-Оренбург, 1996.-165 с.
6. Жаров А.В. Иммунодефициты // Ветеринарная патология. Научно-теоретический журнал. – М.: 2003.-№ 3.-с. 7-12.

УДК 004.51-37.613.636

***ECHINOCOCCUS GRANULOSUS* (BATSCH, 1786) ТҮРІМЕН АРАЛЫҚ ИЕНІҢ ЗАЛАЛДАНУ ДИНАМИКАСЫН МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ**

**Күреңкеева Д.Т., Үсенбаев А.Е., Сарсембаева Н.Б.,
Бабалиев С.У., Паритова А.Е.**

*Халықаралық ақпарат технологиялары университеті, Алматы,
Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы*

Annotation

Changes in the rural economy that occurred in the last two decades promoted transmission the echinococcosis epidemiology from balance status and Zhambyl Oblast now became a highly endemic area for echinococcosis. The results of fitting the observed data, particularly the data for fertile hydatid cysts, to a mathematical model suggest that a large part of the transmission could be prevented by ensuring that slaughter products from sheep of four years of age or older are not fed to dogs.

Аннотация

Реформирование экономики сельского хозяйства в последние два десятилетия способствовало выходу эпидемиологии эхинококкоза из состояния равновесия и превращению Жамбылской области в гипер-эндемическую по заболеванию зону. Численные расчеты возрастной динамики интенсивности инвазии и доли фертильных цист овец, обладающие хорошими параметрами соответствия к естественным данным, показали, что прекращение скармливания собакам необезвреженных продуктов убоя овец четырехлетнего и старшего возрастов является одним из основных мер профилактики эхинококкоза.

Кілт сөздер: эхинококкоз, аралық иелері, invazirovannosti динамикасы, компьютерлік модельдеу

Өткен ғасырдың 90-жылдары басталған экономикадағы реформа Қазақстан ауылшаруашылығының кардиналды түрде өзгеруіне себеп болды. Қазіргі кезде оның негізін

кішігірім фермерлік және жеке үй шаруашылықтары құрайды. Олар мал өнімдерінің басым бөлігін шығарады. Мысалы, соңғы жылдары Жамбыл облысында шағын фермерлік және жеке үй шаруашылықтары рынокқа еттің 98% және жүннің 90% ұсынды. Осындай кәсіпорындардың көбісінде малшаруашылықтың басты бағыты - қой өсіру болып табылады [1].

Жамбыл облысы оңтүстікте орналасқандықтан табиғи және ауа-райылық жағдайлары малды жыл бойы жайылымда бағып ұстауға тиімді. Сондықтан өңірде малды көшіп-қону технологиясы бойынша өсірген қолайлы деп саналады. Мерзімге байланысты түрлі экологиялық жайылымдарда бағылғандықтан, мал паразиттермен сәйкес ландшафтар мен аумақтарда залалданады. Реформаға дейінгі кезеңде материалдық-техникалық мүмкіндіктеріне байланысты ірі ауылшаруашылық кәсіпорындары малды ұзақ (10-100-деген шақырым аралықпен өлшенетін) қашықтықта көшіруді ұйымдастыра алатын. Осыған байланысты инвазиондық элементтер үлкен ауданда шашырады да, табиғи элиминацияға ұшырады. Соның нәтижесінде жануарлардың түрлі паразиттермен залалдану деңгейі салыстырмалы түрде төмен болатын [2].

Бірақ қазіргі жағдайда мұндай технологияны кәсіпорындардың аз бөлігі ғана ұстанады. Ал ұсақ фермерлер мен басқа жеке меншік қожайындар малдың негізгі бөлімін елді мекендердің айналасында бағады. Соның нәтижесінде ауыл маңындағы жайылымдарда паразитоздар бойынша эпидемиологиялық шиеленіс үдей түсті. Мысалы, еліміздің батыс және оңтүстік өңірлерінде адамның цисталық эхинококкозбен ауыру деңгейі көп мәрте өсті, ал Жамбыл облысы осы ауру бойынша гиперэндемикалық аймаққа айналды [3, 4]. Осы облыстағы иттердің отардағы және ауылдағы бөлек популяцияларын зерттегенде, бірінші топтағы жануарлардың эхинококктармен табиғи түрде залалдану деңгейі едәуір жоғары болатыны көрсетілді [5]. Ал қаланы қарастырсақ, мұндағы эхинококкозды жұқтыру қаупі жоғары (базарлар, жекеменшік қасапханалар, шағын ет өнімдерін өндіретін кәсіпорындар маңы) аудандарындағы иттер популяциясы *Echinococcus granulosus* түрімен интенсивтігі және экстенсивтігі бойынша жоғары көрсеткіштермен залалданған болып шықты [6].

Қазақстанда *E. granulosus* түрінің қой штамы таралым алғаны белгілі, сондықтан аурудың активті түрде функцияланатын циклін аралық ие ретінде қойлар мен түйелер ұстап тұрады [7]. Бірақ түйелер популяциясының салыстырмалы түрде шағын (бірнеше мың бас қана) екенін ескерсек [1], олар эхинококкоздың эпидемиологиялық жағдайына локалды түрде аз мөлшерде әсер етеді.

Ұсынылған зерттеулердің басты мақсаты – Жамбыл облысындағы қойлар популяциясының *E. granulosus* түрімен залалдану интенсивтігінің динамикасын модельдеп, эхинококкоздың алдын алу шараларын ұйымдастырғанда қолдануға болатын тиімді ұсыныстар жасау болды.

Материалдар мен әдістемелер

Эхинококктармен жасы бойынша залалдануының табиғи жағдайын 2001-2010 жылдары Тараз қаласындағы жекеменшікті үй шаруашылықтары мен қасапханаларында, Шу қаласының орталық базарындағы ет-бақылау станциясында сойылған 462 қойдың паренхималық органдарын гельминтологиялық әдістемелерін қолданып зерттелінді. Жұмыс барысында жануарлардың жасы, цисталармен залалдануының экстенсивтігі мен интенсивтігі ескерілді. Сонымен қатар зертханалық жағдайда цисталардың өсімталдығы айқындалды. Жануарлардың жасы анамнездік берілгендер және белгілі әдістеме арқылы тіс аркадасын зерттеу арқылы тіркелінді.

Қойдың паразиттермен залалдану интенсивтігі динамикасы жайында жинақталған эксперименталдық мәліметтердің Roberts et al. 1986 [8] ұсынған базалық математикалық модельге сәйкестігін сандық модельдеу арқылы айқындадық. Осы мақсатта Borland Delphi 5.0 ортасында программа жасадық. Оның бірінші бөлігі қойлардың ларвоцисталармен залалдану интенсивтігінің өзгеруін $a = 0$ мәнінде төмендегі теңдеу арқылы сипаттайды:

$$m(t) = \left(\frac{\gamma h}{\gamma + ah} \right) t + \frac{ah^2}{(\gamma + ah)^2} (1 - e^{-(\gamma + ah)t})$$

мұнда $m(t)$ – аралық иелердегі цисталардың орта саны; t – жасы; h - инфекция қысымы (уақыт бірлігіндегі цисталар саны); γ - иммунитеттің жойылу деңгейі; a - пайда болған иммунитетке әсер ететін көрсеткіш.

$$i(t) = \frac{Kht^3}{3}$$

Программаның екінші бөлігінде формуласы арқылы қойлардың жасына байланысты протосколекстары бар цисталар пропорциясының динамикасы $i(t)$ есептелінді. Мұнда K – қойлардың жасының ең жоғары деңгейіне байланысты есептелінетін коэффициент. Сандық эксперименттерді компьютерде айнымалылардың түрлі мәндерінде жүргізілді. Соның нәтижесінде модель параметрлерінің табиғи берілгендерге жақын мәндерін айқындалды.

Нәтижелер және оларды талдау


Жамбыл облысында қойдың эхинококпен орта есеппен залалдануы 36,9% жететіні анықталды (кесте). Қазіргі кездегі еліміздің эхинококкоз бойынша гиперэндемикалық батысқазақстандық аймағында да қойдың цисталық гидатидозы осыған ұқсас жоғары деңгейде, яғни, орта есеппен, 46% болатыны дәлелденген [9].

Кесте -Жамбыл облысындағы қойлардың эхинококкозбен залалдану деңгейі


Жасы (жыл)	Зертте- лінген қойлар саны	Инвазия экстенсивтігі		Инвазия интенсивтігі			
		абсолют- тік түрде	% -да	орта есеппен	min-max	цефалоцисталар %	
						орта есеппен	min-max
<1	110	8	7,3	3,3	1-7	0	0
1-2	169	31	18,3	5,6	1-27	0	0
2-3	80	37	46,2	6,4	1-16	1,3	0
3-4	47	27	57,4	7,2	2-18	13,9	0-100
4-5	34	21	61,8	8,9	1-24	45,5	0-100
>5	22	16	72,7	10,4	1-30	58,4	23-100
Барлығы	462	175	36,9	5,6	1-30	21,5	0-100

Зерттеулер эхинококкоз динамикасының экстенсивтік көрсеткіші ұсақ мүйізді малдың жасының ұлғаюына байланысты өсетінін айқындады (1-ші сурет).

Қойлардың эхинококктармен залалдану интенсивтігі болса үлкен аралықта өзгеріп отырды және табылған метацестодалар саны 1-30 данаға дейін жетті (кесте, 2-ші сурет).



1-ші сурет. Жамбыл облысындағы қойлардың эхинококктармен залалдану экстенсивтігінің динамикасы




(a)



(b)

2-ші сурет. *E. granulosus* цефалоцисталарының 4 жасар қойдың өкпесінде дара орналасуы (a) және 7 жастағы қой бауырының көп даналарымен залалдануы (b).

